



ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШЫҒАРЫЛДЫ



Астанада Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосановтың төрағалығымен өткен кеңейтілген алқа отырысында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 2025 жылғы қызметінің қорытындылары шығарылып, алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалды.

Алқа отырысына Қорғаныс министрінің орынбасарлары, Қарулы Күштер түрлерінің бас қолбасшылары, өңірлік қолбасшылықтар мен әскер тектерінің қолбасшылары, құрамалар мен бөлімдердің командирлері, қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің бастықтары қатысты.

Жиынды ашқан Қорғаныс министрі жыл қорытындысы Жоғарғы Бас қолбасшы қойған тапсырмаларды ескере отырып жасалатынын атап өтті. Алдағы кезеңнің басым бағыттары ретінде авиация генерал-лейтенанты Дәурен Қосанов басқару сапасы, қару-жарактың жағдайы және адами капитал секілді үш негізгі бағытты айқындады.

— Басқарудың тиімділігін арттыру үшін әскерлерді заманауи байланыс құралдарымен, әсіресе

тактикалық деңгейде қамтамасыз ету қажет. Бұл бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылдың тұрақтылығын және шешім қабылдау жеделдігін қамтамасыз етеді, — деп атап өтті ведомство басшысы.

Жауынгерлік және жұмылдыру дайындығының жағдайы, сондай-ақ жалпы қызметтік іс-қимылдың нәтижелері туралы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары — Бас штаб бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов баяндады. Қамтылған бағыттар бойынша министрдің орынбасарлары әскери тәртіп, техникалық және тылдық қамтамасыз ету, сондай-ақ Қарулы Күштердің цифрлық трансформациясы мәселелерін қозғады.

Отырыс қорытындысы бойынша Қорғаныс

министрі қазіргі қарулы қалыптасулардың тәжірибесін ескере отырып, әскерлерді қолданудың заманауи нысандары мен тәсілдерін енгізуді тапсырды. 2026 жылға арналған міндеттердің қатарында — қазақстандық әскери қызметшілердің БҰҰ аясындағы бітімгерлік операцияларға қатысуын кеңейту, байланыс, радиоэлектрондық күрес және ұшқышсыз авиациялық кешендерді дамыту бар. Цифрландыру саласында Дәурен Қосанов жасанды интеллект технологияларын, автономды басқару жүйелерін енгізу және ұлттық қауіпсіздіктің киберқұрамдасын күшейту қажеттігін атап өтті.

Алқа жұмысының соңында 2025 оқу жылының қорытындысы бойынша жауынгерлік жарыстың жеңімпаздары марапатталды.

ҚҰРМЕТТІ ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕР!

Сіздерді кәсіби мереке – Әскери журналист күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер қоғамға еліміздің жауынгер ұл-қыздарының күнделікті өмірі мен қызметінің мәнін, Тәуелсіздік пен қауіпсіздік күзетінде тұрған әскери қызметшілердің ерлік жолын, елеулі оқиғалардың шынайы бейнесін жеткізу арқылы айрықша жауапты әрі құрметті миссия атқарып келесіздер.

Сіздердің еңбектеріңіз жоғары кәсіби шеберлікті ғана емес, сонымен қатар батылдықты, борышқа адалдықты, әділдік пен қоғам алдындағы терең жауапкершілікті талап етеді.

Әскери журналист әрдайым оқиғаның ортасында — әскери бөлімдер мен оқу-жаттығулар алаңында, іс-сапарларда, тіпті, қауіп-қатері мол аймақтарда да болады. Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында еліміздің азаматтары әскер өмірі, оның даңқты дәстүрлері мен абыройлы міндеттері, сондай-ақ ел қорғаны болған айбынды ерлер туралы шынайы, жедел әрі сенімді ақпарат алып отырады.

Ақпарат ықпал етудің қуатты құралына айналған қазіргі заманда сіздердің кәсібиліктеріңіз жалған дерек пен шындықты бұрмалауға қарсы тұрып, қоғамдағы сенімді, бірлік пен тұтастықты нығайтуға қызмет ететін маңызды күшке айналды.

Сіздер шын мәнінде Қарулы Күштердің сенімді ақпараттық қалқанына айналдыңыздар.

Өз талантымен, қызметке адалдығымен және сөзге деген жауапкершілігімен армияның айқын бейнесін қалыптастыруға, отансүйгіштік пен азаматтық рухты дәріптеуге, тарихи жады мен әскери дәстүрлерді сақтауға үлес қосып жүрген баршаңызға алғыс білдіремін.

Сіздерге мықты денсаулық, сарқылмас шабыт, жаңа да жарқын жобалар тілеймін!

Еліміздің қорғаныс қуатын арттыруға, армия мен мемлекеттің рухын асқақтатуға қызмет ете беріңіздер!

Құрметпен,
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі авиация
генерал-лейтенанты Д. ҚОСАНОВ

БҰЛ НОМЕРДЕ:




♦ ТАРИХ ПЕН ТАНЫМ
ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

3-бет

♦ ҚАЛАМДАСТЫҢ ҚАРЫМЫ

ОРУЖИ –
СЛОВО И
КАМЕРА



6-бет



♦ ЕСТЕЛІК
ГАЗЕТТІ ӨНДІРУ – ӨЗГЕШЕ БІР ІС

10-бет

♦ ФОТОРЕПОРТАЖ



12-бет





«САРБАЗ» ГАЗЕТІНІҢ ҰЖЫМЫНА ЖӘНЕ БАРША ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРГЕ!

Шекара қызметінің әскери журналистері Сіздерді 7 қараша – Әскери журналистер күнімен шын жүректен құттықтайды!

Бұл күн – қалам мен микрофонды қаруындай ұстап, ақпарат майданында Отанға қызмет етіп жүрген батыл журналистердің кәсіби мерекесі. Әскери журналист болу – тек жаңалық жеткізу емес, сонымен бірге елдің қауіпсіздігін, сарбаздың рухын, ұлттың намысын қорғау деген сөз. Сіздердің еңбектеріңіз арқылы қалың жұрт ел қорғаушылардың ерлік істерінен хабардар болып, патриоттық сезімін нығайтады.

«Сарбаз» газеті – бүгінгі таңда Қарулы Күштердің айнасы, әскери өмірдің айқын шежіресі. Сіздер өз материалдарыңыз арқылы жауынгердің қажырлы еңбегін, офицердің айбынды бейнесін, ел тыныштығын күзетіп тұрған әрбір сарбаздың мәртебелі миссиясын

паш етіп келесіздер. Бұл – үлкен жауапкершілік пен асыл борыш.

Ақпараттық майданда шындықты ту еткен еңбектеріңізге құрметпен қараймыз. Шекара қызметінің әскери журналистері Сіздермен иық тірестіре еңбек етіп, ортақ мақсат – ел тыныштығы мен бейбітшілігін қорғау жолында әрқашан бірлікте болуды мақтан тұтады.

Сіздерге сарқылмас шығармашылық шабыт, кәсіби биіктерді бағындыру жолында толағай табыс, зор денсаулық және отбасыларыңызға амандық тілейміз!

Қаламдарыңыз ұшқыр, ойларыңыз нық, еңбектеріңіз жемісті болсын!

**Құрметпен,
"Отан сақшысы" газетінің ұжымы**

ГАЗЕТ ЖАУЫНГЕРЛЕРГЕ РУХАНИ КҮШ БЕРЕДІ

*Полковник Арынғали АҚЫШЕВ,
ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлері Бас қолбасшысының орынбасары – тәрбие және идеологиялық жұмыс бас басқармасының бастығы:*



–Алдымен Әскери журналист күнімен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Біз офицерлерге, келісім шарт бойынша әскери қызметшілерге, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналына 2026 жылға жазылуды барынша ұсынып келеміз. Қарулы Күштеріміздің басты басылымын жазып алуға ҚР Қарулы

Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Мереке Көшекбаевтың өзі тапсырма беріп отыр.

Расында, еліміздің Қарулы Күштеріндегі маңызды оқиғалар, әскерілеріміз қатысқан алыс-жақын шет мемлекеттердегі және республика аумағындағы әскери оқу жаттығулары, әскердегі жаңа технология, армиялық спортшылардың жетістіктері, қорғаныс-бұқаралық жұмыстардың жүргізілуі, Отан қорғаушылардың әскери қызметтегі патриоттық сезімдеріне қатысты ой-пікірлері туралы барлық ақпаратты өзіміздің әскери газет-журналдан оқимыз. Құрлық әскерлерінен өзге әскер түрлеріндегі барлық жаңалықтарды да осы басылымдар арқылы біліп жатамыз. Кәсіби білікті әскердің ашық әрі жариялылықпен көрсетілуін зор мақтаныш тұтамыз.

Әскери басылымдарымыздың тираж санының көбеюі, сондай-ақ, одан әрі қарай сапалы дамуы – біз үшін өте маңызды. Бұл ретте әскерилермен бірге жасасып келе жатқан редакция тілшілерінің еңбегі үлкен.

ҚАДІРЛІ «САРБАЗ» ГАЗЕТІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҰЖЫМЫ!

Сіздерді 7 қараша – Әскери журналист күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әскери журналистика – елдің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін ақпараттық тұрғыда қолдайтын ерекше әрі жауапты сала. Сіздердің әрбір материалыңыз тек ақпарат беріп ғана қоймай, жас сарбаздың рухын асқақтатып, командирдің абыройын айқындап, әскер мен қоғам арасындағы алтын көпір қызметін атқарады. Бұл өз кезегінде жүректің беріктігін, қаламның өткірлігін, сөздің салмағын талап ететін мәртебелі міндет.

Уақыт өз талабын күн сайын өзгертіп жатқан заманда әскери журналист тек оқиғаны баяндаушы рөлін атқармайды. Ол әскери-патриоттық тәрбиенің идеологиялық тірегі, елдігіміз бен мемлекеттілігіміздің рухани майданының сарбазы. Сіздер жарыққа шығаратын әрбір очерк, репортаж, сұхбат пен фотоматериал осы әскери қызметтің күрделі де қасиетті жолының айнасы іспеттес.

Газет тарихына көз жүгіртсек, «Сарбаз» басылымы тамыры терең, дәстүрі берік рухани мектеп, әскери басылымдардың қара шаңырағы екені айқын көрінеді. Оның бастауында 1929 жылы жарық көрген «Қызыл әскер» газеті тұрса, кейін «Боевое знамя», «Қазақстан сарбазы – Воин Казахстана» арқылы жалғасып, бүгінгі «Сарбаз»



атауымен ел әскері мен қоғамының маңызды ақпарат таратушы алаңына айналды.

Сіздер әскери қызметтің қатаң тәртібі мен шығармашылықтың нәзік табиғатын ұштастыра отырып, шынайылықты, шындықты, батылдықты ту етіп келесіздер.

Осы айтулы күні Сізге және ұжымыңызға зор денсаулық, отбасы амандығын, жаңа кәсіби белестер мен жарқын жеңістер тілеймін.

Сөздеріңіз сардар рухын асқақтатсын, істеріңіз сарбаз намысын шындасын!

Еңбектеріңізге жеміс, қаламдарыңызға қуат тілеймін!

Ізгі тілекпен, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналының бас редакторы полковник Ерболат СҰЛТАНОВ

*Полковник Руслан ОМАРОВ,
Абай облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы:*

–Құрметті «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының редакциясы. Сіздерді төл кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, шығармашылық еңбектеріңізге табыс тілейміз. Еліміздің Қарулы Күштерінің қалың оқырманы қалыптасқан «Сарбаз» газетінде әскери қызметшілердің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, жастардың рухын оятататын әскери-патриоттық бағыттағы іс-шаралары, жүзеге асырылып жатқан маңызды мәселелері жан-жақты жазылады. Кез келген тақырып толыққанды талқыланып, халыққа ашық жеткізіледі.

Жауынгерлерді тәрбиелеуде патриоттық мәні мен маңыздылығын жоғалтпайтын мол мағлұмат жарияланады. Мерзімді басылым талай қиындықтарға ұшыраса да, нағыз жауынгерлерді тәрбиелеуге өз үлесін қосып келеді. Баршаңызды редакция журналистерінің көтерер жүгі жеңіл болуы үшін шабытты шығармашылығын қолдауға шақырамын.

Ал қос басылымның оқырмандарына айтарым, өз басым Абай облысы қорғаныс істері жөніндегі департаментінің



бастығы лауазымының шеңберінде жастар қауымымен өте жиі жүздесемін. Олар озық технологияның соңғы үлгілері күн сайын қарқынды дамып, жаңартылып жатқан дәуірде өсіп келеді. Байқап отырсаңыз, Instagram және TikTok секілді әлеуметтік желілердегі өте қысқа бейнероликтерге ғана мән береді. Ұзақтығы бір минуттан асатын видеоларды қарамайды. Алайда, интернеттің, цифрландырудың заманы алға басып жатса да, газет пен журналдарды, әсіресе кітапты оқуға тиістіміз. Бұл дүниелердің рухани тұрғыда жастарға берері көп.

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ БАСПАСӨЗІ

немесе «Сарбаздың» сара жолы

Тарихи деректерге жүгінсек, 1929 жылдың 7 қарашасында Қызыл әскер» («Қызыл әскер») газеті жарық көрді. Зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, бүгінгі «Сарбаз» сол басылымның заңды жалғасы.



Қазақтың әскери басылымы

Жалпы тұңғыш ана тілімізде (қазақ тілінде) жарық көрген газет – «Қызыл әскер». Александр Рожков мырзаның дерегіне, «Қызыл әскер» («Қызыл әскер») – Қазақ әскери комиссариатының, кеңес қоғамдық-саяси қорғаныс ұйымының және «Еңбекшіл қазақ» баспасының апталық газеті. Басылым 1929 жылдың 7 қарашасынан бастап, 1936 жылдың 31 қазанына дейін Алматыда аптасына бір рет, қазақша латын әріптерімен және кішігірім ақпараттар араб әріптерімен жазылып шығыпты. Басылым форматы үлкен - А0.

Газет жазылу арқылы және жеке сатылымға да беріліп отырған.

Газетпен Илияс Жансүгіров, Асқар Лекеров, А.Көшімов шығармашылық қарым-қатынаста болыпты. Шығу мақсаты – қорғаныс саласында жүргендерді сөзбен демеу, әскери қызметке жастарды тарту және офицерлердің әскери білімін жетілдіру еді. Газет бетінде алғашқы әскери дайындық (соның ішінде әйелдер үшін де), шетелдегі әскери жаңалықтар, сонымен қатар, ақын-жазушылардың өлеңдері мен әңгімелері жарық көріпті.

Баса айта кететін жайт, сол уақыттың өзінде фотолар, кестелер, түрлі қызықты суреттермен коса, мақалалар публицистикалық стильде

жазылып, соның арқасында қазақша әскери терминдер қолданысқа енгізілген екен. Бұл газеттің тігіндісі бүгінде толық болмаса да, бірді-екілі нөмірі Алматыдағы ғылыми-техникалық ақпараттық орталығында сақталған.

Тәуелсіздік жаршысы – «Қазақстан сарбазы»

Тәуелсіз Қазақстан армиясының жаңа тарихы 1992 жылы 7 мамырда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарулы Күштерді құру туралы Жарлығына қол қойған күннен бастау алды. Қазақстанның Қарулы Күштерінің дербес құрылымы өмірге келгеннен соң, араға алты сай салып, «Боевое знамя» газетінің базасында ҚР Қорғаныс министрлігінің органы «Қазақстан сарбазы» - «Воин Казахстана» газеті өз оқырмандарына жол тартты.

Газеттің алғашқы санының жарық көруі 1992 жылғы 16 желтоқсанына тұспа тұс келді. Аталмыш басылым өзінің алғашқы санын ел Президентінің ақ батасымен ашып, тұсауын кесті.

Газеттің тұңғыш бас редакторы Виль Рахманқұлов болды. Одан кейін есімі бәрімізге таныс Сапарғали Жағыпаровқа бас



редакторлық бұйырды.

«Қазақстан сарбазы» - «Воин Казахстана» газеті А-2 форматта, 4-беттен, аптасына екі рет, қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Бұл басылым Қазақстан Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен дамуына өзінше үлес қосты. Әр қадамы, әр жолы осы газет беттерінде айқын көрініс берді», дейді сол кезді еске ала Сапар аға.

Иә, сол кезде газеттің әр қызметкері өзінше үлес салмағын бөліскені рас. Атап өтсек, әскери тақырыпқа қалам тербеген Совет Сейітов, Марат Нұрсейітов, Кәкімхан Құттыбаев, Сәндібай Күмісбеков, Шәміл Хайруллин, Борис Грибачев, Алтынбай Дәуренбеков, Жүніс Омар, Әубәкір Смайлов, марқұм Құдайберген Медиманов, Марат Жүніс-Бек, Мұхарбек Манарбек және т.б. «Қазақстан сарбазында» қолтанбалары қалды.

Атауы «Сарбаз» болып ауысты

2008 жылы «Қазақстан сарбазы» атын (2007 жылдың аяғына дейін «Қазақстан сарбазы» (Воин Казахстана) деген қосарланған атпен шығып тұрды) өзгертіп, «Сарбаз»

газетіне айналды. Газеттің бас редакторы Ярослав Голышкин болды. Ал қаржы жағынан басқару «Қазақстан ГАЗ орталығы» акционерлік қоғамына берілді.

Сол тұста «Сарбаз» газеті қазақ және орыс тілінде А-3 форматта, аптасына бір рет, 16 беттік болып шығып жүрді. Сонымен қоса, «Айбын» журналы да жарық көріп, әскери басылымның қатары толықты.

Кейін атауы өзгерген осы газеттің бас редакторлық тізгінін қаламы қарымды, белгілі журналист Ергазы Әсембеков ұстады. Ерағаң бұл газетте соңғы өмірін сарп етті. Бес жыл бойы басқарған басшы газеттің мазмұнына ғана емес, бет-пішініне де өзгеріс әкелді. Қара

орталығы» АҚ-ының еншілес «ГИС Әскери медиа» ЖШС құрылып, «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналы осыған қарады. Жеке отаудың тізгіні сол кезде Нұрғали Бақтиярұлына бұйырды. Ал бас редакторлық қызметті журналист Қойшыбай Есентаев атқарды. Кейін бұл қызметтерге Батырхан Қуатбек лайықты болып танылды.

Батырхан Серікұлының тұсында аталмыш серіктестік құрамына тағы да бір «Әскери заңгер» атты басылым қосылды. Және заманға сай «sarbaz.kz» сайты жұмыс істеді.

2019 жылдың ортасына дейін бас газетіміз пішінін өзгертіп, D-2 форматта, аптасына бір рет, 6 бет – қазақ тілінде, 6 бет – орыс тілінде оқырмандарға жол тартты. Алғашқы беттің сол жақ қапталындағы ақпарат және әр беттегі айдарлар мен тақырыптар мемлекеттің тілдік саясатына байланысты латын қарпінде шығып тұрды.

Қазақ әскери баспасөзінің 90 жылдығынан кейін газет ісі қаражат тапшылығына ұшырады. Соған байланысты редакция ұжымы қашықтықтан қызмет етуге көшті.

2025 жылы "Сарбаз" газеті мен "Айбын" журналы редакциясының жағдайы тұралап қалды. Дегенмен, оны аяқтан тұрғызып, қайта қалпына келтіруде бүгінгі бас редактор Ерлібай Қадырбай бар күш-жігерін салды. Ұжымға осы тұста журналистер Қойшыбай Есентаев пен Марат Жүніс-Бек қолдау көрсетті. Сөйтіп қазіргі таңда басылымдар форматын ғана емес, мазмұнын да өзгертіп, оқырманымен қайта қауышып, көптің алғысына бөленіп келеді.

Бүгінгі баспасөз тынысы

2015 жылы «Қазақстан ГАЗ





ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ ӘҢГІМЕСІ

Қара шаңырақтың қадірлі адамдары редакцияға ат басын бұрып, өткен-кеткендерімен бөлісіп, шаңырақты шаттыққа бөлеп кететіні бар. Сондай емен-жарқын кезден естеліктер қалған еді.

Сапарғали ағаға деген құрметіміз ерекше.

Ол кісі – дара жан. Қарымды қаламгер иесі. Танығаннан бері «Сапар аға» дейміз. Бір жақсысы, қанша редактор ауысып жатса да, бұл кісі бізден аяқ тартып қалған жоқ. Қашан болсын, есігімізден еніп тұрады. Дегенмен, өзі «уығын керген керегесі» ғой.

Әскери журналистикасының атасы. Осындай тақырыппен сол кездегі «Сарбаз» газетінің тілшісі Жансая Сыдықбай мақала жазды. Әрине, кейіпкері – Сапарғали Жазғыпаров. Содан бері Жансаяға әскери журналистиканың ғана емес, өзінің де «атаң қылдырмайсың ба?» деп әзілдесетінбіз. Өйткені, Сапар ағаның да кейде «келінім болса» деген ойы қылаң беретін. Әрине, бәріміздің меңзейтініміз – Сапар ағаның ұлы Тимур. Сол Тимур бірде редакцияға енген бетте Жансая әзілдеп: «сен мені қашан аласың?» деді. Осыдан соң Тимурымыз редакцияға ат ізін салмай, ізім-қайым жоқ болып кетті. Оның мәнісін білмек боп Сапар азадан сұрамаймыз ба, ол кісі: «қыз бала ғой, жігітке солай айтқан соң, ол не істесін енді?» деп қарап тұр. Сөйтсек, Сапарғали ағамыз да қалжыңымызды түсінбей, шынға балаған екен.



Сәндібай аға. Сәндібай ағамен жолығуға

себеп болған – бір кездегі «Сарбаз» газеті редакторының орынбасары болған Ақан аға. Баспасөз күніне орай тауып берген кейіпкері осы Сәндібай аға (Күмісбеков) болатын. Ашық-жарқын көңілімен ағамыз әңгіменің тиегін ағытты. Баяғыдан білетін адамша бірден шүйіркелесіп те кеттік. Алғаш рет осы кісіден газетіміздің өткенін білдім. Алматыдан қалай Астанаға көшкенін, көші-қон кезіндегі қиыншылықтарын, іске деген ынта-жігерлерін әсерлі жеткізіп еді. Сол кездегі «Сарбазды» «Қазақстан сарбазы» газетінің ізбасары

санайтынын да ашық айтты.

Сәндібай аға да редакцияны айналып өтпей, қолы қалт еткенде қара шаңыраққа келіп тұратын еді. «Қарулы Күштердің генералдарын» (кітабы) көпке ұсынған ағамыз әнебір жылдары «Баяндауға рұқсат етіңіз!» деген айдармен газетімізде өткір мақалаларын жариялап тұрды. Бір кездері хабар үзбей, қара шаңыраққа қарайласқан қадірлімізді көңіл шіркіннің «қазір қайда екен?» деп іздейтін кездері де болады.

Біз қара шаңырақ бос қалып, атауы өзгерген тұста келдік. Оған дейін мұндағылардың амалсыздан аластаған жайлары бар екен. Жан-жақтан жиналған біз оны қайдан білейік?

Босағаны аттағаннан киелі шаңырақтың қыр-сырын меңгеруге тырысқанымызбен, жөн сұрайтын адамымыз болмады. Төрге жайғасқандар (бұрынғы газет қызметкерлерінің көбісі баспасөз қызметінде жұмыс істейтін) бізге әрине, сынай қарады. Сол тұста Сәндібай аға: «Бұлардың жазығы не? Жүйе солай болды, оларға сынай қарағандарың жөн емес» деп төрелігін айтты. «Терінің пұшпағын бізден бұрын илеген» бұл кісінің бір ауыз осы сөзі әжептеуір бойды тіктеп тастаған еді.



«Жүніс деген жігіттің төресі». Осы сөзді марқұм Ераға жиі айтатын. Атын жиі естігенімен, өзін біле бермейтін сол ағамызбен де қара шаңырақта ұшырастым. Қияқ мұртты, аққұба жан кейін біздің де көңілден орын алды.

Жаны жайсаң жанмен дидарласқан бір ғанибет. Алдыңғы жылы-ақ Жүніс ағамен (Жүніс Омар кезінде «Қазақстан сарбазы» газетінің жауапты хатшысы болған) сұхбаттасқан едік. Тағдырын, өмір жолын білдім. Көңілінің кеңдігін көрдім.

Сыпайылығы мен сөз саптауы бөлек әңгіме. Жомарт жан туралы ойға түйгенім көп болды. Өкініштісі сол, аға туралы жазған мақаламда оны көрсете алмадым. Уақыт тапшы болды ма, білмедім, жазғаным көңілімнен шықпады. Әйтпесе, көңіл-хошымен жырлайтындай-ақ бұл кісі.

Жүніс (Омаров) ағаның Ерағамен телефонмен тілдескенде әзілдесетіні бар еді...

Бірде сол ағамыз (Жүніс аға ол кезде Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметінде жұмыс істейді) редакцияға қоңырау шалды. Әдеттегідей телефон тұтқасын көтерген Ераға жұмыстың көптігін тілге тиек етіп, үлгере алмай жатқанын жеткізеді. Сөйтсе, Жүніс аға табан астында: «Оу, Ераға, бір емес екі замыңыз бар, үлгермейтіндей не жаныңыз бар?» деген екен.



Мұрағаттан керек деректерді қалай да тауып алып, тарих шежіресін тізбектейтін қара шаңырақтың тағы бір қадірлісі бар. Ол – **Марат Жүніс-Бек.**

Марат ағаның қолыма тиген алғашқы жазбасы – Чернобыль апатына байланысты жазған дүниесі. Дерек пен дәйегі көп. Мәнді мақала. «Сіз мұның бәрін қайдан тапқансыз?» деп сұраймыз ғой. «Үндемесендерші, табамыз ғой» деп қояды ағамыз.

Қара шаңырақ қайда көшпесін, күні бүгінге дейін тауып алатын да осы кісі. Бізден бір қол үзіп көрген жоқ. Келіп, өткен-кеткендерді айтып, әзіл-қалжыңның тиегін де ағытып кетеді. Қашан келсе де, қолынан дүниесі түспейтін ағаның (фотоархив пен басқа да деректерге толы) сыры өзіне мәлім.

Сол ағамыз Ақан ағамен жора-жолдас. Екеуінің әзілі керемет. Редакцияға келген бетте «әлгі бір уыс қайда жүр?» дейді. Басында түсінбейтінбіз, сөйтсек, бір уысы Ақан аға (ірі денелі болатын) екен.

Бала сияқты елгезек жандар болады. **Құдайберген аға** (Медиманов) сол іспетті. Ақтауда жатса да аңқылдап хабарласып жатқаны. Әскери-теңіз күштерінде не жаңалық бар, соны тездетіп жазып, поштамызға салып жіберетін ағамызбен де жүзбе-жүз көрістік. Қара шаңыраққа кеп, біздерді Ақтауға шақырып, ақкөңілдігін де танытатын. Кейін жұмыс барысымен Астанаға ауысып, редакцияға жиі келетін болды. Әрине, Ерағаның тұсында...

Зейнеткерлікке шыққан кезде шаңырақты анда-санда еске алып, келіп-кетіп жүрді де, бұл ағамыздан бірте-бірте хабар үзілді.

Сол ағамыз поштаға мақала жіберетін де, «шықты ма, шықты ма?» деп редакцияға күнұзақ телефон шалатын. Сол кезде Ерағамыз: «Әлейкүмсалам Меди-Аманов Құдайберген, материалдар газетке шықты ма деп сұрай берген» деп ұйқастырып жіберуші еді.





ҚИЫНШЫЛЫҒЫ МЕН ҚЫЗЫҒЫ МОЛ ЖЫЛДАР

Қазақ «ескіні есіңе алмай, жаңа жадыңа түспейді» демей ме?!

Сексенінші жылдары мен Мәскеуден Ленин атындағы Әскери-саяси академиясын бітіріп, Алматыдағы Орта Азия әскери округінің «Боевое знамя» газетіне тілші ретінде келдім. Ол жастық шақтың бір ғажайып кезеңі еді. «Кең пейілді кем болмас» дегендей, ұжым жақсы қарсы алды. Бірақ редакция газетінің басшыларында «Мына қазақтың жігіті қандай журналист екен?» деген ой бірінші тұрды. Содан мені бірден іссапарға Қырғыз жеріндегі Кеңес Одағының Батыры генерал Панфилов атындағы дивизияға жіберді. Ол кезде Орта Азия әскери округінің бөлімдері Қазақстаннан басқа Қырғызстан, Тәжікстан республикаларында орналасқан болатын.

«Жығылсаң нардан жығыл» демекші, алғашқы қадамнан ойдағыдай өтіп, тапсырманы орындадым. Күндердің күнінде тағы да жаңа тапсырмалар берілді. Тәжік жеріне де барып қайттым. Біздің әскери бөлімдердің сарбаздарымен кездесіп, мақала, очерк жазып, редактордың көңілінен шықтым. Біздің редакторымыз Владимир Чекалин еді. Мен насихат бөлімінің тілшісімін. Бұдан өзге 7-8 бөлім болды. Редакция 50 шақты журналисі бар үлкен ұжым болатын. Мақала жазылып, газет қатталып, ертеңінде шығысымен кезекші оған талдау жасайтын. Сол кезде редакторым «мына қазақтың жігіті жақсы жазады екен» деп мені бағалады. Мақаланың жақсы, жаманын сұрыптайтын екі тақтаның көбінесе жақсысынан орын бұйыратын.



Білгі іссапарда жүретінмін. Бәрімен тіл табыстым. Көрген-білгенімді қағазға түсіретінмін. Кемшілікті де көрсетіп жазатын едім.

Жалынды жастық шақта осылай тілші болып тәжірибе жинақтадым. Әріптестерім Львов жоғары саяси училищесінің журналистика факультетінің түлектері, Ленин атындағы әскери академиясының редакторлық бөлімін бітірген офицерлер болды. Тәжірибесі мол адамдармен қызмет жасадым. «Жауынгерлік әзірлік», «Насихат», «Мәдениет», «Партия», «Комсомол», «Хабар», «Хаттар» және «Әуе қорғанысы күштері» деген бөлімдер болды. Әр бөлімнің бір бастығы мен төрт тілшісі болды. Тілшіліктен бастап бөлім бастығына дейін көтерілдім. Журналистер кеңесінде бюро хатшысы болдым. Әзілхан Нұршайықов, Сағынғали Сейітов сияқты танымал тұлғалармен осында таныстым. Орта Азия округі қолбасшысының орынбасары генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовпен де бірге сапарлас болдым. Талай мәрте ол кісінің жүзі жылы қарапайым адам екеніне көзім жеткен адаммын.

Кейін Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанды. Сол мезетте елге қайтамын деп

Бірнеше рет атауын өзгерткен басылымымызда талай жанның қолтаңбасы қалды, еңбектері де сіңді. Күні бүгінге дейін қарым-қатынасымызды үзбеген сол кісілермен кейде кездесіп, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрып, сыр шертісіп қаламыз. Әскери журналист күніне орай Сапар аға Жағыпаровтың естелігін оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

бас редакторға рапорт жаздым. Бірақ мені Сібір әскери округіне Новосибирск қаласына жіберді. Ол жерде де дамыл таппай, сұрана бердім. «Өз еліме барамын, мамандар жетіспейді, еліме қызмет етемін» деп қоймадым. Ақыры не керек, ол жерден Алматыға «Қазақстан сарбазы» газетінің редакциясына ауысып келдім. Сөйтіп Отаныма оралдым.

Бұрын үлкен газеттерде қызмет етіп қалған басым бұл жерге келгенде біраз мәселеге тап болдым. Редакциядағы адамдар санаулы, штат аз. Сол олқылықтың орнын толтырамын деп, өзім білетін бұрынғы әріптестерімнің бірталайына колка салдым. II рангали капитан Шамиль Хайруллин, Борис Грибачин, Владимир Кулгузин сияқты тәжірибелі адамдарды газет ісіне тарттық. Олар шамалы қызмет еткен соң қалаулары елдеріне қайту болды.

Біз оларды тоқтала алмадық, жолдарың болсын деп шығарып салдық.

Арамыздан кетем дегендерді ұстамадық. Гүлмира Тойболдина деген қарындасымызбен де қызмет еттік. Олардың бәріне рахмет. Көбісімен әлі де қарым-қатынасым үзілген жоқ.

Қалғандары бар, жаңадан қосылғаны бар, бәріміз бірлесіп «бір терінің пұшпағын бірге иледік». Газет екі тілде: қазақ және орыс тілдерінде шықты.

Оны жас офицерлер – Әл-Фараби

атындағы қазақ университетін бітіріп келген Сәндібай Күмісбеков, Алтынбай Дәуренбеков, Құдайберген Медимановтар маңдай терлерімен шығарды. Кейін Мұхарбек Махамбетті өзім қызметке шақырдым. Бәрі әскери бөлімдерге барып, оқу-жаттығу жиындарға қатысып, көрген-білгенін мақалаларында өрбітіп, жазатынды.

Одан бөлек газеттердің уақытында межелі жеріне жеткізуде көп септіктерін тигізген Марат Нұрсейітов, Совет Сейітов (орынбасарым еді) деген азаматтар болды. Мұндай жұмысқа Құдайберген Медимановтың да ебі бар болатын. Марқұмға бір тапсырма берсең, жауапкершілікпен орындайтын. «Аға, газет орында, бәрі дұрыс» деп гарнизондарға газетті уақтылы жеткізіп, хабар беріп тұрушы еді...

Иә, сол бір жылдар жастық шағымның, ағалық кезеңдерімнің кезеңі еді. Жай тілшіліктен бастап бас редакторлыққа дейін өсіп, өмір сатысын бастан өткердім. Сол кездегі журналистерінің адал істері ұмытылған жоқ, жалғасы бүгін «Сарбаз» редакциясының ұжымында. Әріптестеріме қаламгер ағаларыңның есімдерін ардақ тұтып, шығармашылық жолында оларды үлгі етіңіздер деймін. Осы газеттердің заңды ізбасары «Сарбаз» газеті мен «Айбын» журналының оқырмандары көп болсын!

ҚАЛАМДЫ ҚАРУ ЕТКЕН АҒАЛАРЫМ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орталық баспасөз органы «Қазақстан сарбазы»-«Воин Казахстана» газетінің сапында табаны күректей 15 жыл қызмет етіппін. Дәлірек айтсам, 15 жыл 15 күн. 16 желтоқсан 1992-31 желтоқсан 2007 жылдар аралығы. Газеттің тарихи тұңғыш номерінен бастап, басылымды тарих қойнауына енгізген соңғы санына дейін.



Иә, бұл жылдар аралығында небір қайталанбас сәттер мен тарихи оқиғаларды газетпен бірге көру бақыты бұйырған екен. Бүгінгі күннің биігінен қарасам, небір есімі елге танымал, жүрегі қазақ деп соққан ұлтжанды азаматтармен, аға ұрпақ өкілдерімен осы газеттің қабырғасында жүріп танысқан екенмін. Өз басым ерекше құрметтеген сол аға буынның басым көпшілігі бүгіндері

қатарымызда жоқ. Десе де, ол адамдарды ұмытуға әсте қақымыз жоқ деп білемін. Себебі, олар мен үшін тек мақтан тұтар, үлгі алар буын емес, кәсіби тұрғыда кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсеткен жандар. Әскери журналистика саласында, толық сеніммен «әріптестер» дей аламын.

Байзулла Әкежанов. Газет бой көтерген алғашқы жылдары авторлар қатары біраз болды. Басым көпшілігі майдангерлер еді. Байзулла ағамыз да солардың қатарынан болатын. Редакциямызға жиі келетін. Сиясы кеппеген мақаласын алып келіп, біраз отырып жарқылдап әңгімесін айтатын. Мінезі негізінен салмақты, сабырлы болса да балаша қуанған сәттері әлі есімде. Өте қарапайым жан еді. Есімде, соғыс, әскери авиацияға жазғандары орыс тілінде болса, тәрбие, тарих, ұлттық құндылық тақырыбында жазғандары ана тілімізде болатын. Ағамыздың тағы бір ерекшелігі, үстінен



әскери фомасын тастамауы еді. Шамасы, бізді формаға құрмет көрсетуге үйреткені болар деп топшылайтынбыз. Шын мәнінде алар жағы көп еді.

Сұлтанғали Қаратаев. Танымал журналист. Қазақтан шыққан тұңғыш спорт комментаторы десем де болады. Қазақ спорт журналистикасының іргетасын қаласқан саңлақтардың бірі деуге лайық жан. Сарапшы, спорт дегенде ішкен асын жерге қоятын жан. Тұрған бойы мәдениет болатын. Басқа-басқа, ағаның әңгімесін тыңдау бір ғанибет еді ау. Сондай жүрекжарды әңгімелерінің бірінде «спорт

журналистикасы кенже қалған жанр ғой» деп мұңын шаққан еді. Жанайқайын естіп отырсам да «аға қызық екен, спорт журналистикасы кенже қалды дейді. КСРО тұсында жылдық жазылу бағасы 84 тиынды ғана құраған ана тілімізде СПОРТ газеті шығып тұрды ғой. Ағамыз осыны қанағат тұтпай отырса, әскери журналистиканың жай-күйі не болғаны» деп таңырқаған едім. Сол сәтте таңырқауымды байқаған ағам «қазақ тілді барлық салалық журналистиканың дамуын, ілгерілеуін қалар едім» деген еді. Нағыз жанашырлық емес пе?

Сейіт Кенжеахметов. Қазақ тілін құрметтейтін адамның бұл есімді білмеуі мүмкін емес. Бұл адам мен үшін тіпті ерекше. Болашағымды айқындап, бағыт-бағдар көрсеткен жан десем де болады. Шамамен 7-8 сынып оқып жүргенімде қолыма «Тышқан тірлік» деген шағын ғана кітап түсті. Әдемі қазақы әзіл тұнып тұрған. Әзіл- сықақ, сатира- юмор деген әлеммен танысып інкәрлігім оянған еді. Кітаптың авторы – Сейіт Кенжеахметовке ризашылығым шексіз еді. Мен үшін әлем ашқандай болатын. Сейіт аға туралы мәліметті іздеп жүріп оқушы едім. Бір көрсем



ғой деп армандаған сәттерім де аз емес. «Көктен іздегенім жерден табылды» дегендей, араға жылдар салып сол Сейіт ағамды газет редакциясынан кездестірдім. Жай кездескен жокпын, иық тірестіре бір ұжымда қызмет еттім. Тағдырымның маған берген сыйы деп білемін.

Рас, жоғарыда әңгіме қылған жандар әскери газет тарихына қатысты ұзақ әңгіменің, ерекше сағынышпен еске алар естеліктердің шағын ғана бөлігі. Қазақ әскери журналистикасының тарихы тамырын тереңге жайып үлгерген жоқ. Болашақта алтын әріптермен жазылар мәнді де мазмұнды тарихы алдыңғы күндердің еншісінде деп білемін, әрі соған сенемін.

Сәндібай КҮМІСБЕКОВ,
әскери журналист



Біздің редакция ұжымы жазуды серік еткен жандарды шет қақпайламай, жазғандарын жария етіп отырады. Қабілет-қарымы бары ақпарат айдынында бір жасасып келеді. Былайша айтқанда, күні бүгінге дейін «илегіміз бір терінің пұшпағы».

Шығармашылық байланысымыз үзілмеген ақпарат айдынындағы баспасөз хатшылары қаншама. Осы орайда қалам мен қаруды қатар алып жүрген солар хақында аз-маз ақпар беріп, олардың дүниесін жария қылғанды жөн көрдік. Сонымен...

Капитан Қарлығаш Ақылбекова – әскери журналист, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Студент кезінде «Жастық дәурен өрнектері» деген жинағы жарық көрген. Шағын әңгімелері, публицистикалық материалдары республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып келеді.



СОЛ БІР КЕЗ...

Әскер десе санамызға бес қаруы сақадай сай, сауыт-сайманы түгел жауынгердің бет-әлпеті келетіні анық. Алайда әскери өмірде де шығармашылығын шыңдағандар қаншама?! Оның ішінде әскери журналистика саласын игерген мамандардың өзі бір төбе.

2015 жылдың ақпаны айында бала күтімі демалысынан шыққан кезім. Әскерге келуіме себепкер болып, қатынас қағазын берген бастығым, Сержанттар құрамымен жұмыс басқармасының бастығы шебер-сержант Темірбек Халықов шақырып алып, «Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жөніндегі департаментіне ауысқың келе ме, өзің жазасың, филолог мамансың, бәлкім бағыңды сынап көресің? Біздің басқармаға қарағанда, офицер болуыңа да мүмкіндік көп» деп мені аталған департаментке жіберді. Министрлікте ауыс-түйіс болып жатқан кез екен, бастықтың жаңа орынбасары мені қабылдап, сынап көрді. Бірінші берген тапсырмасы орысша жазылған баспасөз баянын қазақшалау болды. Қазақша тәржімам ұнаған болуы керек, бірден қабылдады. Осылайша мен осы саланың маманы болуы үшін бірнеше сыннан өттім десем болады. Әскери журналистикада өз орны бар журналистердің біразын көрдік, олардан да көп нәрсе үйрендік. Кейбірі ұстазымыздай боп кетті.

Қорғаныс министрлігінің өз сайты болатын. Сол жылдары әлеуметтік желілер де барынша дами бастады. Әлемжеліге күніне бір материал шығарып тұратынбыз. Ұмытпасам, 2015-2016 жылы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі басқа мемлекеттік органдар арасында үздік баспасөз қызметі атанған болатын. Содан бері он жылдан аса уақыт өтіпті. Көп нәрсе үйрендік. Әлі де үйренеріміз көп. Талай қызықтар, талай қиындықтар өтті. Әскер болғаннан кейін кейде төтенше жағдайлар да болады. Сондайда үй-ішіндегілер уайымдайтын. Ондайда бүкіл жеке

құрам жұмыстан кеш шығамыз ғой. Сонда үйдегілер ұйықтамай күтіп отырады. Жұмыстан кеш қайтқан күннің бірінде үйде балалар ұйықтап қалып, есікті аша алмай, төтенше жағдай қызметкерлерін шақырып, аштырғанбыз. Қазір күліп еске аламыз.

Әскери журналист деген тек соғыс уақытында ғана жұмыс істейтін журналист деу қате пікір. Әскерсіз, қорғаныссыз мемлекет жоқ. Елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған армияның да өз баспасөз қызметі бар. Әскери сала мамандарының жұмысымен халықты таныстырып, елді армия тынысынан хабардар етіп жүргендер – әскери журналистер.

Тәуелсіз Қазақстанның әскери журналистика тарихы 1992 жылдан бастау алады. Әскер құрылғаннан кейін оның баспасөзі де заңды түрде қызмет етуін бастады. Алғашында газет, журнал деңгейінде дамып, кейін Ақпарат және коммуникациялар департаменті, Медиа-контент орталығы пайда болды. Бұл да әскери журналистиканың салалық баспасөз ретінде өркендеп келе жатқанын білдіреді.

Әлемдегі ең алғашқы әскери тілші деп Филлиппидті айтады. Марафон түбіндегі шайқастан кейін, ол 42 шақырымды жүгіріп өтіп, «Афиндықтар, қуаныңдар! Біз жеңдік!», – деп айтып, жан тапсырған деседі. Сол екі ауыз сөздің ақпарат беріп тұрғанын ескеріп, ғалымдар тарапынан Филлиппид әлемдегі тұңғыш әскери тілші атағына ие болды.

Қазақ тарихында да сансыз әскери жорықтар бар. Сол жорықтарда жасалған талай ерліктер, елді, жерді қорғаған батырлар жыраулар арқылы бізге жетті. Сондықтан әскердің де, әскери журналистиканың тарихы тереңде. Бұл әлі де көп зерттеуді қажет ететін кең тақырып.

Әскери журналист
Қарлығаш АҚЫЛБЕКОВА
ҚР ҚМ Медиа-контент
орталығының офицері

ОРУЖИЕ – СЛОВО И КАМЕРА

Служба в армии была моей мечтой. Я выросла на рассказах и повестях о подвигах советских воинов, с упоением смотрела фильмы о войне. Занималась спортом, в том числе парашютным. Меня восхищало все: военная форма, дисциплина, ощущение долга.

При этом я абсолютно не представляла, как стать солдатом. К моменту окончания школы мама сказала: «Надо поступать в институт». По ее настоянию я поступила в пединститут на филфак.

Казалось, мечта стать военной уже не осуществится. Но опять же именно мама все изменила. Она услышала по радио, что в Жамбылскую областную телерадиокomпанию требуются журналисты, и уговорила меня сходить на собеседование. Меня приняли на работу.

Уже будучи журналистом я решила реализовать свою старую мечту: прикоснуться к армии. На областном телеканале стала выходить моя авторская телепередача на военную тематику под названием «Гарнизон». Со временем она приобрела большую популярность в нашей области, из-за чего меня заметили военные и пригласили в армию. Так началась моя военно-журналистская деятельность.

Сначала была Алма-Ата, телефотостудия Министерства обороны – прародительница нынешнего Департамента информации и коммуникаций и Центра медиаконтента. Мы, военные корреспонденты, своими силами делали передачу «Служу Республике Казахстан», которая транслировалась на республиканском телеканале «Қазақстан».

Позднее телефотостудия во главе с ее начальником полковником Каиром Дунбаяновым переехала в Астану, где был сформирован Департамент по работе со средствами массовой информации и связи с общественностью Министерства обороны.

Это был интересный и насыщенный период: формировался облик пресс-службы военного ведомства. Но мне требовались перемены, и время спустя я приняла решение уходить в войска, а именно в 5-ю механизированную бригаду. Мне нравились утренние построения, еженедельные выезды на полигон, занятия по

огневой и физической подготовке.


Однако с созданием пресс-службы региональных командований, преобразованной позднее в пресс-службы гарнизонов, я вернулась в сферу СМИ. Сейчас возглавляю пресс-службу Таразского гарнизона.

Мне невероятно повезло с помощниками. Первым стал сержант пресс-службы РГК «Юг» Мухит Конаров – он сейчас уже офицер. Потом ему на смену пришел сержант пресс-службы Таразского гарнизона Владимир Мартыненко – достойный в будущем стать офицером. Вместе мы выстроили хорошую систему взаимоотношений со всеми командирами воинских частей Таразского гарнизона и частей, расположенных вокруг Тараза.

Все мои статьи и телесюжеты о военнослужащих основаны на огромной любви к моим героям. Общаюсь с ними, я интересуюсь прежде всего жизнью человека, его биографией, историей семьи. Независимо от званий и должностей, всегда обнаруживаю в собеседниках интересных людей с богатой жизненной историей, с большими сердцами.

Сейчас, оглядываясь назад, я понимаю: не я выбрала эту профессию. Она выбрала меня. Детская мечта о форме и дисциплине трансформировалась в нечто большее: в работу рассказывать о тех, кто носит эту форму с честью. Мое оружие – не автомат, а слово и камера. Военная служба оказалась моей настоящей судьбой.

Подполковник Дина
МУХАРИНОВА,
начальник пресс-
службы Таразского
гарнизона Центра
медиаконтента
МО РК





КОГДА СЛОВО ВЕСИТ КАК ПОСТУПОК

Многие, услышав словосочетание «военный журналист», лишь пожимают плечами. Но за каждым репортажем с полигона, за каждым материалом о миротворческих миссиях, учениях и буднях армии стоит именно он – военный журналист. Военный журналист – это боец информационного фронта, который рассказывает обществу о силе духа, долге и верности присяге наших военнослужащих. Он не выбирает место работы – его направляет долг, он там, где нужна поддержка и правда.



Выбор, сделанный сердцем

Я окончил факультет военной журналистики Военного университета Министерства обороны Российской Федерации – и этот выбор был осознанным.

С детства я любил писать сочинения, быть ближе к камере, наблюдать за людьми и искать живые истории.

Обучение длилось пять лет. За это время мы не только изучали основы журналистики, но и проходили серьезную военную подготовку: учились ориентироваться на местности, оказывать первую помощь, занимались строевой и физической

подготовкой, осваивали основы самообороны.

Военный журналист должен быть выносливым, спокойным, ответственным и человечным.

Иногда нужно не



«Военная журналистика – это не просто профессия. Это служение. Это путь, где слово весит столько же, сколько поступок»

только снять материал – нужно поддержать, помочь, действовать. Бывают моменты, когда журналист становится частью события, участником спасения, очевидцем человеческой стойкости.

Путь через испытания

Параллельно с учебой в университете я продолжал совершенствоваться – прошел Школу радио на Шаболовке, получил опыт работы на

телеканале «Звезда», писал материалы для казахстанской военной газеты «Сарбаз».

Этот путь не был легким, но каждый шаг приближал к цели – быть профессионалом, который может честно и достойно рассказывать о

службе, о людях, о жизни армии.

Когда-то я думал стать переводчиком – окончил языковую школу. Но судьба выбрала иначе, и теперь я благодарен ей за это. Уже третий год я служу начальником пресс-службы Актюбинского гарнизона, и с уверенностью могу сказать: все, через что прошел, закалило характер, научило не сдаваться и идти вперед.

О людях, времени и долге

В жизни военного журналиста нет случайных дней. Помню, как во время сильного снежного заноса в Актюбе мы не только собирали кадры и факты для материала, но и рассказывали о настоящих героях – людях, которые спасали других, вытаскивали застрявшие машины, согревали замерзающих.

Весной, когда запад страны пострадал от паводков, мы работали сутками, передавая информацию в центр и одновременно помогая спасателям.

Каждый такой день – не просто опыт, а испытание на

человечность и выдержку.

В этом году в Актюбе впервые прошел Военно-патриотический сбор молодежи «Айбын–2025» – яркое событие, которое показало: молодежь Казахстана растет с чувством долга, гордости и любви к своей армии.

Во имя правды и Родины

За эти годы я понял: любовь к профессии – это тоже форма служения Родине.

Мы рассказываем о героях, но и сами должны быть героями своего дела – выдержанными, преданными, справедливыми. Военный журналист не ищет славы. Он просто делает свою работу – честно, мужественно и по совести.

Это тот, кто соединяет армию и общество, кто помогает людям видеть правду глазами очевидцев.

И пока в руках камера, а в сердце вера – я буду идти вперед.

Во имя правды. Во имя людей. Во имя нашей страны.


**Старший лейтенант
Махамбет ЖАКСЫЛЫКОВ,
начальник пресс-службы
Актюбинского гарнизона**

НАҒЫЗ МАМАН!

Қашықтықтан жұмыс істеген алғашқы жылдары маған жүктелгені ҚР ҚК Әскери-теңіз күштері болды. Қолбасшылыққа барып, жауапты адамдармен жүзбе-жүз кездесіп, байланыс орнатуға келіскенімді қайтейін, сол кездегі баспасөз орталығының өкілі осы саладан хабары жоқ па, әлде жүктелген міндеті көп пе, білмедім, ақпарат беруге келгенде ісіне қырын қарады. Оның алдындағы баспасөз қызметіндегі Жәмиладай жұмыла жұмыс істейтін жан болса екен деген ниетте біраз жүрдік. Биыл соған қол жеткізгендейміз.

Күндердің күнінде теңіздегі әскер жайында мағлұмат қажет боп, аталмыш әскери күштердің баспасөз орталығына қоңырау шалдым. Жаңа қызметке келген аға лейтенант ешқандай сөзге келген жоқ. Сұрауымызды қабыл алып, жедел түрде бізді ақпаратқа көміп тастады. Осылайша, ұйымдастырушылығын, қабілет-қарымын бірден байқатты. Жазудан да хабары бар болып шықты. Сөйтсек, бәрі оның мамандығымен, тәжірибесімен ұштасып жатқан дүние екен.

«Мамандығым – қазақ тілі



мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қарулы Күштер қатарында қызметімді бастаған кезеңде құжат айналымын мемлекеттік тілге аудару ісін бірізділікке келтіру және өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мақсатында арнайы штаттар ашылды. Сол кезде мен де әскер сапына қосылып, мемлекеттік тілді дамыту ісіне өз үлесімді қостым» дейді сөз басында ол.

Бағаналы сөз етіп отырған кейіпкеріміз, Әскери-теңіз күштері тәрбие және идеологиялық жұмыстар басқармасының аға офицері (баспасөз хатшысы) Меруерт Құрманғажина – Семей облысы, Үржар ауданының тумасы. Өсіп-өнген ортасы, қызметтік жолы осы өңірден бастау алған. «Шығыс» өңірлік

қолбасшылығында баспасөз қызметінің сержанта болған ол әскери өмірді көзбен көріп, біраз жайтты көңілге түйеді. Сөйтіп, қызығы да шыжығы мол әскери саладағы замандастарының өміріне көз жүгіртіп, олардың тыныс-тіршілігін, қызметін қаламына арқау етеді.

«Мемлекеттік тілді үйретумен қатар, әскери өмірдің тыныс-тіршілігі жайлы мақалалар жазып, қалаымды ұштай бастадым. Уақыт өте келе ақпараттық жұмысқа деген қызығушылығым артып, баспасөз қызметіне келдім. Фотоаппарат ұстап, әскери өмірдің әсерлі сәттерін кадрға түсіре бастау – менің жаңа қырымды ашқан кезең болды. Осылайша, тіл мен журналистика саласындағы білімдіміз әскери ортада ұштастырып, өзімді таба білдім» – дейді ол.

Міне, содан бері 15 жылға жуық уақыт өтіпті. Бұл аралықта ол Семей гарнизонының ғана емес, Қорғаныс министрлігінің алғашқы баспасөз қызметінің құрамында жүріп, әскери өмірді республикалық БАҚ-тарда дәріптеді. Тәжірибе жинақтады, біліктілігін танытты, қажырлы,

Бізде баяғыдан үрдіс бар. Күш құрылымдарының баспасөз орталығынан қажетті ақпарат алып, олармен тұрақты түрде шығармашылық байланыс орнатқанды жөн санаймыз.

табанды еңбегін бір кісідей көрсетті. Оның еңбегі елеусіз қалмады. Әскери парадта сап түзеп, естен кетпес сәтті бастан өткерді. Екі жыл қатарынан «Үздік баспасөз қызметінің сержанта» атағын иеленіп, ауыспалы вымпелімен марапатталды. Бұл әскери ақпаратты қоғамға сапалы жеткізу жолындағы адалдығы мен кәсіби шеберлігінің арқасында жетіп отырған игі жетістігі болатын.

«Әскери журналистика – бұл тек жаңалық жеткізу емес, нағыз рух пен ерліктің тарихын жазу. Әскерилердің өмірі – қоғамның қорғаны, елдің тыныштығының кепілі. Сол өмірді шынайы, салмақты

әрі рухты түрде халыққа жеткізу – журналистің үлкен жауапкершілігі. Әскери журналистика дәлдік пен адалдықты талап етеді. Әрбір жарияланған материал – сарбаздың еңбегіне берілген баға, ал сол еңбекті лайықты көрсету – әрбір баспасөз қызметі өкілінің кәсіби әрі адамдық парызы», дейді сөз арасында аға лейтенант.

Біз өз міндетін сөзсіз түсінген жанның осы сөзіне қуандық. Алдағы уақытта шығармашылығын қуаттап, бірге жұмыс істеуге пейілміз. Жазарың таусылмасын, өз ісінің шебері, ақпарат майданындағы сенімді жауынгер!

Рима БІЛӘЛҚЫЗЫ





Жанар Ержанқызы – Шығыс Қазақстан облысы Қалбатау (бұрынғы Георгиевка) ауылында дүниеге келген.

Орта білімін тәмамдаған соң, бала күнгі арманын жетелеп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне түсіп, оны бакалавр және магистратура деңгейінде үздік аяқтады.

Ол 2014 жылдан бері ҚР Қарулы Күштерінің сапында абыроймен қызмет өткеріп жүрген офицер. Жанардың басты мақсаты – қазақ әскерінің биік рухын, ел үшін аянбай еңбек етіп жүрген әскери адамдардың жарқын бейнесін кең жұртшылыққа таныту.

Ол үшін журналистика мен әскери қызметті тоғыстырып, бүкіл Қазақстанның мақтанышына айналар тың дүниелер жасауды көздейді.



ЖҮРЕКТЕГІ МӘҢГІЛІК АЛАУ...

Патриотизм... Бұл сөздің астарында тек ұран мен салтанат емес, тұтас адамдық болмыс пен рух биіктігі жатыр. Әр дәуірдің тынысы, әр ұрпақтың өмір салты өзгерсе де, оның түпкі мәні мәңгілік – туған жерге, елге, халыққа деген шексіз сүйіспеншілік.

Бәзбіреулер үшін патриотизм жалаң айқай мен ұрандаудан тұратын сияқты. Бірақ, меніңше, шынайы патриотизм ол – үнсіз іс, адал еңбек, жүректегі сенім.

Адамның ішкі бұлқынысы даңқ үшін емес, парыз үшін оянғанда, сол сәтте нағыз патриот туады. Отанды сөзбен емес, іспен сүю, «мен қазақпын» деп айту емес, сол сөзге лайық өмір сүру – міне, елжандылықтың өлшемі осы.

Қай заманда болсын елдің тұтастығын сақтап келген – ол рухтың күші. Ер Тарғынның ерлігі, Бауыржан Момышұлының батылдығы, Әлия мен Мәншүктің қайсарлығы – бәрі бір ғана қасиеттен бастау алады

– Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктен. Олар үшін туған жер киелі ұғым, ал ел тағдыры жеке өмірден де биік мұрат болған.

Әскери салада жүргендіктен мен патриотизмнің шынайы мәнін күн сайын сезінемін. Біз үшін отансүйгіштік – антқа адалдық, тәртіпке құрмет, жауапкершілік пен ерлікке дайын болу. Әскери өмір – жай қызмет емес, бұл – ел тыныштығының қалқаны, бейбіт өмірдің күзеті. Әр атқан таңдағы қызметке

кіріскен сәт – мен үшін елге деген адалдықты тағы бір дәлелдеу. Сол кезде мен өз борышымның салмағын және сол борыштың қасиетін сезінемін.

Қазір патриотизм найза мен қылыш ұстау емес, білім мен борышты, ерік пен тәртіпті біріктіре білу. XXI ғасырдың қаһарманы – елін сөзбен емес, ісімен сүйетін сарбаз, офицер, инженер, дәрігер, мұғалім.

Патриотизмнің айғағы – тек майданда емес, бейбіт күннің әр сәтінде.

Патриотизм – ұран емес, ішкі жалын. Ол сырт көзге көрінбесе де, жүрек түкпірінде лапылдап жанып тұрады. Әр жүректе Отанға деген сүйіспеншілік оты маздап тұрса, сол қоғам ешқашан әлсіремейді. Ал сол алауды сөндірмей ұстау – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

**Капитан Жанар
ӘМІРЖАНОВА**
РЭЖБӘИИ баспасөз
қызметінің бастығы

МЕЧТЫ СБЫВАЮТСЯ

Мечта о профессии часто рождается еще в школьные годы. Так было и с Баяндыболом Айниетовым, который впервые почувствовал тягу к журналистике, будучи учеником.

Однако при выборе будущей специальности в семье прислушивались к мнению родителей, особенно отца. Он видел сына военным, защитником Родины.

- Выбор отца для нас был законом, - вспоминает Баяндыбол. - Поэтому я поступил в Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи. Родители были счастливы.

Будущая офицерская профессия не мешала активной творческой жизни. Баяндыбол был инициатором концертов в институте, игроком Высшей лиги КВН Казахстана. Организация мероприятий, работа с людьми, сцена всегда притягивали его.

После выпуска он проходил службу на разных должностях: от начальника станции до заместителя командира батальона по воспитательной и идеологической работе. Благодаря работе с личным составом проявился медийный талант: он начал снимать видеоролики, поднимающие престиж военной службы и способствующие призыву молодых ребят в армию. Материалы он публиковал в своем личном аккаунте.

Однажды публикации заметили высшее руководство. Баяндыболу предложили должность пресс-секретаря Сил Воздушной обороны Вооруженных Сил Республики Казахстан.

- Тогда я понял: отец хотел, чтобы я стал военным, а я мечтал быть журналистом. Это назначение объединило две мечты - мою и отца, - отмечает он.



С этого момента его профессиональная жизнь изменилась. Круг общения расширился: журналисты ведущих телеканалов, газет, лидеры общественного мнения, блогеры. Участие в крупных учениях, мероприятия в гарнизонах, командировки - все это стало повседневной работой.

Пресс-секретарь - это не просто помощник руководства по линии СМИ. В армии это многопрофильный специалист: сегодня - оператор, завтра - фотограф.

Одна из его ключевых задач - аккредитация представителей СМИ, обеспечивающая официальный доступ журналистов к объектам и мероприятиям Сил Воздушной обороны.

По словам Баяндыбола, он все еще учится у опытных коллег в сфере журналистики. Но одно он знает точно: мечты действительно сбываются, если идти к ним уверенно и с честью служить делу, которое любишь.

ТАМ, ГДЕ БЬЕТСЯ СЕРДЦЕ АРМИИ

Военная журналистика Казахстана имеет глубокие исторические корни. Отправной точкой ее становления принято считать 7 ноября 1929 года - дату выхода первого номера республиканской военной газеты «Қызыл әскер». С тех пор армейская пресса прошла путь от печатных сводок и фронтовых заметок до современных мультимедийных форматов.

Сегодня показывать реальную жизнь армии - задача, которую выполняют пресс-служба Министерства обороны и военные журналисты в гарнизонах. Благодаря их деятельности ежедневно публикуются оперативные новости о службе, боевой подготовке и военно-патриотических инициативах. В центре их внимания - учения, международное сотрудничество, быт и судьбы тех, кто стоит на страже страны.

Один из таких специалистов - старший лейтенант Турсунбек Максат, начальник пресс-службы Гвардейского гарнизона, самого крупного гарнизона страны. Максат окончил Военный университет Министерства обороны Российской Федерации им. Князя Александра Невского, где изучал основы военного дела и журналистики.

Пять лет учебы в Москве, а затем сразу возвращение на родную землю. И буквально «с корабля на бал»: вместо плавного вхождения в должность его встретили крупнейший гарнизон и масштабные учения.

На старте службы, прямо в гуще крупных учений молодому лейтенанту пришлось работать под руководством тогдашнего командующего РГК «Юг» генерал-майора Мереке Кучекбаева, ныне Главнокомандующего Сухопутными войсками.


- Работать с ним на старте службы было большим опытом, - говорит Максат. - Он человек, который глубоко понимает, какой должна быть армия. Его подход вдохновлял меня и помог сразу выстроить профессиональные ориентиры. После первых учений Максат постепенно погружался в жизнь гарнизона, знакомился с людьми и их повседневной работой.

- Я каждый день вижу, как люди здесь живут армией, - отмечает он. - Служба здесь не останавливается ни на секунду. Сегодня я освещаю жизнь танкистов, завтра - артиллеристов, на следующий день - саперов. Сначала погружаешься в их будни, изучаешь особенности службы, и это делает каждый день

уникальным.

На территории гарнизона расположены два крупнейших полигона, что превращает его в место непрерывной работы. Полевые сборы, военные учения, стрельбы, испытания, армейские игры и крупномасштабные международные учения Вооруженных Сил проводятся именно в этом гарнизоне.

За два с половиной года на нынешней должности Максат побывал на многих учениях. Среди них оперативно-стратегические командно-штабные учения «Айбалта-2023», «Айбалта-2024», «Айбалта-2025», международные учения «Бірлестік-2024» в Актау,





«Нерушимое братство-2024» на полигоне Берег, а также учения «Хамкорлик-2024» в Узбекистане, где получил медаль за заслуги в укреплении боевого сотрудничество от министра обороны Узбекистана.

В 2025 году Максат освещал Парад Победы, посвященный 80-летию Победы в Великой Отечественной войне. Отправляясь в эту командировку наш герой не подозревал, что именно там встретит свою будущую девушку — Диану. Их знакомство стало началом отношений, и вскоре он поехал на военно-патриотический сбор «Айбын» уже ради нее.

На вопрос о том, каково это — служить вдали от дома, семьи и любимой девушки, Максат улыбается и отвечает, что даже при плотном графике и расстоянии поддержка близких дает силы и помогает совмещать службу с личной жизнью.

Каждый материал, над которым работает Максат, рассказывает о разных людях с их уникальными судьбами. Особое впечатление на него произвела история братьев-близнецов Ерзата и Бекзата Жунусовых, которые сейчас служат в саперном полку. Несмотря на то что они находятся в разных городах, между ними существует удивительная связь: когда одного из братьев призвали в армию, второй почувствовал это и самостоятельно принял решение последовать за ним.

- Эта история меня поразила, - признается он. - Она о верности, о силе братства и о том, как настоящая преданность проявляется даже на расстоянии.

Каждый день, который старший лейтенант Турсунбек Максат проводит с блокнотом, становится частью большой летописи. И пока есть те, кто пишет эту летопись, армейское сердце Казахстана будет биться громче.

СИЛА И МАСТЕРСТВО ПЕРА

Профессия военного журналиста многогранна и интересна. В центре сюжета журналистского произведения, как правило, военнослужащие. Журналисты пишут о них, стараясь показать все стороны непростой, но увлекательной армейской жизни.

Флагманом и даже можно сказать летописцем военной истории нашей страны является военно-патриотическая газета «Сарбаз» - правопреемница военной газеты «Қызыл әскер», выходившей с 7 ноября 1929 года по 31 октября 1936 года в Алма-Ате. Газета писала о деятельности военных комиссариатов и о службе в воинских частях Казахстана.

Создание Вооруженных Сил независимого Казахстана положило начало работе главного печатного органа Министерства обороны – газеты «Қазақстан сарбазы» (ныне – «Сарбаз»). Ее предшественником была газета «Боевое Знамя».

Первый номер газеты «Қазақстан сарбазы» вышел 16 декабря 1992 года. Газета стала единственным военным изданием страны, центром разъяснения военной политики государства, а также институтом воспитания всех категорий военнослужащих.

Продолжая славные традиции предшественников, современное поколение журналистов газеты «Сарбаз» ведет неустанную работу в духе воспитания истинных патриотов страны. Каждую неделю сотрудники редакции ищут интересные материалы и героев, которые своим примером доказывают важность и пользу армейской службы.

На страницах газеты публикуются материалы о героических подвигах наших соотечественников в годы Великой отечественной войны и других локальных конфликтах. Журналисты также не обходят стороной и социальную политику Министерства обороны в сфере улучшения социально-бытовых условий военнослужащих. В газете публикуется актуальная информация об изменениях в законодательстве и другие важные объявления.

Особую категорию публикаций в газете «Сарбаз» составляют материалы с участием ветеранов Вооруженных Сил, служивших в первые годы независимости и создававших новую армию. Они всегда максимально подробно и с интересом рассказывают о тех непростых временах, оставаясь верными долгу перед Родиной. Их пример вдохновляет не только военнослужащих, но и военных журналистов, рассказывающих об их стойкости в переломное время.

Создание журналистского материала для столь уважаемого издания требует осмысленного подхода. Работа начинается задолго до того, как журналист садится за клавиатуру компьютера и начинает творить. Она включает сбор информации,

посещение военных объектов, встречи с военнотружущимися.

Мой собственный опыт работы в журналистике показывает, что при создании любого материала не бывает мелочей. Зачастую в журналистском материале в центре повествования находится герой. Как и у любого человека у него есть свой внутренний мир, который журналисту важно понять. В то же время журналисту важно рассказать и о его профессии, достижениях и интересах – все эти детали должны нарисовать в глазах читателя внутренний портрет героя материала.

По моему убеждению, любой журналистский текст, будь то статья или репортаж, должны иметь определенную структуру повествования: завязку, кульминацию и развязку. При этом каждый текст уникален. Но главное – это быть готовым к разговору. Уверен, что собеседник заметит ваши пробелы и сделает выводы.

Таким образом, военная журналистика – это особый вид искусства, в котором все имеет значение. Однако миссия журналистов остается прежней – информировать и воспитывать защитников Родины.

Нариман ДЮСЕНОВ

РЕДАКТОР

Курстасым Амангелді Қияс екеумізді 1995 жылы 5-курста оқып жүргенімізде «Ақмола ақиқаты» газетіне жұмысқа қабылдады. Ал арада бір жыл өткенде екеуміз де әскерге аттандық. Бастапқыда бірге бір күнде кетпек ниетіміз болған. Бірақ бұл ойымыз жүзеге аспады. Қалалық әскери комиссариаттан сүрінбей өткенімізбен, облыстық комиссия курстасымды кейінгі шақырылымға қалдырды. Сонымен, армияға өзім жалғыз аттанып кете бардым. Ал араға бір ай салып Амангелді де әскер қатарына алынды. Әскерге ерте кеткен мен елге де ерте келдім. Алдымен ауылға ат басын тіреп, артынша бір кездегі Целиноград қаласына қайта оралдым. Редакцияға келсем, менің орнымда үлкендеу бір кісі жұмыс істеп жүр екен. Бейтаныс. Менің редакцияға бас сұққанымды естіген бойда Кенжекең хатшы қыз арқылы қабылдауына шақыртты. Кабинетіне кіргенім сол еді, «Қалайсың, бауырым?!» деп құшағына қысты. Несін жасырайын, оның жайдары жүзін көргенде әкем тіріліп келгендей қуандым. Бір кезде мені қасына отырғызды да, әскер жайлы әңгімелеуді сұрады. Көңілім көтеріңкі болғандықтан шығар, әйтеуір бір көсілгенде бірталай жерге барып қалдым. Бастығым тапжылмай отырып тыңдады. Содан соң менің мәселеме қарай ойысты. Алдымен «Ерлібай,

бүгінде сенің орнында тәжірибелі журналист кісі жұмыс істеп жатыр» деп сөзін бастады да, біраз кідіріп қалды. Сол мезет ойым сан-саққа жүгірді. Тіпті көкейіме «Жұмыссыз қалатын болдым ғой» деген ой да сап ете қалды. Ал Кенжекең «Қазір сол кісімен сені таныстырамын» дегенде, пенде көңілім тіпті құлазып кетті.

Кейін белгілі болғандай, мен үшін бейтаныс саналған әлгі кісі редактордың курстасы екен. Есімі – Базарбек. Менімен танысқан кезде ол кісі «Кенжеден сен жайлы көп естігенмін. Көргеніме өте қуаныштымын» деп жайдары мінез танытты. «Қош келдің» деп қолымнан қысып та қойды. Аз-маз таныстықтан соң, куртастар кабинетте жеке қалды да, ал мен редакциядағы әріптестерімді жағалап кеттім. Бір уақытта қасыма әлгі танысқан кісім келді де «Сенің орнында бір жыл жұмыс істедім. Осы қызметтің нанын жедім. Сол үшін саған рақмет» деп қолымнан тағы қысты. Журналистік жолыма сәттілік тіледі.

Міне, менің тұңғыш редакторымның тұла-бойына тұнған азаматтық, адалдық келбеті осындай. Түрлі желеуді алға тартып, мені жұмысқа қабылдамаудың амалын қарастырса, оған қарсы тұра алмайтын едім. Алайда ол ондай олқы әрекетке барған жоқ. Редакцияға келген күннің ертесінде жұмысқа қабылдау туралы

Бұрынғы «Ақмола ақиқаты», бүгінгі «Астана ақшамы» газетінің тұңғыш редакторы Кенже Жұмағұлов менің де тұңғыш редакторым. Аталмыш газеттің алғашқы кездердегі тарихы осы кісімен астасып жатыр. Сондықтан естелік әңгімемді мен де сол кісі жайында өрбітпекпін. Кенжекеңнің бойында азаматтық пен адалдық таразы басын теңестіреді. Бұған өз басым талай рет куә болғанмын. Дәлел боларлық бір-ақ мысал келтірейін.

бұйрығын шығарып, әріптестерімнің қатарына қосты.

Ал Амангелді курстасым әскерден менімен салыстырғанда бір айға кешігіп келді. Алдымен қалаға табан тіреген ол жұмысқа орналасуға мен секілді асыға қойған жоқ. Өзінің туған ауылына кетіп, араға біраз уақытты салып бір-ақ келді. Ол кезде редакцияда бірталай өзгеріс



болған. Кенжекеңнің орнын Жұмағұл Саухат деген кісі алмастырды. Осы кісі алғаш қызмет ете бастаған тұста арада аздаған түсінбеушіліктер болды, оның үстіне өкпемен су жиналып, сырқаттандым. Дертім күн санап дендеген соң, ем-домды елге барып қабылдауға шешім қабылдадым да, жұмыстан өз еркіммен шығып кеттім. Сонымен, Амангелді де мен секілді өзінің заңды орнына орналасу ниетінде редакцияға келеді ғой. Жаңа редактор оған «Мен сені бірден жұмысқа ала алмаймын. Сен өзінді дәлелдеуің керек» деген талабын айтады. Сөйтіп, біраз уақыт оны сырттай сынақтан өткізеді. Бірінші Құдай, екінші бойындағы қабілет-қарымының арқасында курстасым сыннан сүрінбей өткен.

«Бірді айтып, екіге кетті ғой» деп сөге көрмеңіздер. Салыстырмалы түрде айтып отырғаным. Өз басым Кенже ағаның сол кездегі азаматтығы мен адалдығына әлі күнге тәнтімін. Амангелдінің басына түскен жағдай маған түссе, сол кездерде-ақ бүгінгі Астанадан безіп кетер ме едім. Бір айдан астам уақыт тын-тебенсіз сабылудан Құдай мені сақтаған екен.

Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ

Әскери журналист Жүніс ОМАР:

ГАЗЕТТІ ӨНДІРУ – ӨЗГЕШЕ БІР ІС

Қазір «Қазақстан сарбазы» газеті «Сарбаз» болып отыр. Осы газетте ең алғаш күннен бастап істемесек те, ортаң белінен келіп қатысқан адамдардың бірімін. Біз енді қол машина, электрлі машина, кейін компьютер деген техника салаларын басымыздан өткізген ұрпақтардың өкілдеріміз.

Сондықтан әскери журналистика туралы айтатын нәрсе өте көп.

Мен өзім сол әскери журналистикамен өткен ғасырдың тоқсан төртінші жылдардан бастап араласа бастадым десем қателеспеймін. Сол кездері мен республикалық «Жас алаш» деген газетте спорт және патриоттық тәрбие бөлімінде қызмет жасап жүрдім. Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметімен тікелей байланыста болып, көптеген іс-шараларға қатысып, соны газет бетінде жариялап, насихаттауға біраз үлес қосқан азаматтардың біріміз. Соған байланысты осындағылар: «Сенің ыңғайың бар екен, әскерде болған екенсің, әскери шенін тағы бар, бізге келсеңші» деп «Қазақстан сарбазы» газетіне қызметке шақырды. Содан 1994 жылы Қорғаныс министрлігінің орынбасары генерал-майор Айтқали Есенқұлов «Қазақстан сарбазы» газетіне қызметке алуға рұқсатын берді. Дегенмен, бір жағдайларға байланысты мұнда келе алмай қалдым. Сөйтіп өз жұмысымда қала бердім. Одан кейін бұл басылымға келгенше, Қазақстанда жаңадан ашылған

тергеу комитетінің газетінде (сол жерден капитан атағын алдым), Ұлттық қауіпсіздік комитетінде қызмет еттім. Ал Қорғаныс министрлігінің газетіне Сапар ағаның көмегімен орналастым. Содан 2014 жылға дейін әскери салада қызмет істеп, демалысқа шықтым.

Жалпы «Қазақстан сарбазы» газетінде жауапты хатшылықты атқардым. Әскери тілде айтқан кезде, штаб бастығы болдым. Алғашында жауапты хатшы подполковник Александр Бавтутодан біраз нәрсе үйрендік. Әскери газетті қалай шығару керек, қалай өңдеу керек, қалай дизайн жасау керек екендігі жөнінде айтып, маған біраз көмектесті. Кейін сол кісінің орнына жауапты хатшы болып қалдым. Енді ол кезде біздің техникалық базамыз жаман болған жоқ. Алматыда өзіміздің үлкен ғимаратымыз болды. Редакцияның бірнеше бөлімдері болды. Сонымен бірге Қорғаныс министрлігінің баспаханасы болды. Сол баспаханада өзіміздің газетімізді шығарып жүрдік. Аптасына екі рет, 8 бетпен. Баспаханың техникалық жағдайы мықты еді. Ескі кеңестік жүйенің



баспаханасы болса да, газет әрқашанда, мерзімінде кешікпей өз оқырмандарын тауып тұрды. Оған әрине, тек қана баспахана ғана емес, оған редакция әскери қызметкерлерінің, офицерлерінің қолғабыс тигізгенін айтуға болады. Ол кезде газетке жазылу және тарату бөлімі болды. Оны Татьяна Александровна Кабак деген кісі басқарды. Сөйтіп газет типографиядан басылып шығады. Ол кезде ескі станоктар бірінші газеттің бір жақ бетін басып алады. Одан кейін екінші жағын басады. Сонымен оның бәрін бірінің ішіне бірін кіргізіп, бәрін жинап, бөліп дайындап қояды. Оны біз барамыздағы қол арбамен барып, баспаханадан 4000-5000 газетті қол арбаға тиіп алып, редакцияға алып келеміз. Редакцияға алып келген соң тарату бөліміндегілер оны жан-жаққа беттеп, қаттап, бөлім, бөлімдерге дайындайды. Жартысын вокзалға, жартысын аэропортқа

апарамыз. Ал жартысын пошта арқылы жан-жаққа жіберіледі. Сондай мехнаттары болды. Бұдан 2000 жылдардан кейін барып, бұдан құтылды. Себебі «Қазпоштамен» келісімшарт жасап, олардың өзі баспаханадан алып кететіндей сондай дәрежеге жеттік.

Жалпы газетті шығару өте қиын. Соған қарамастан газетіміз уақтылы шықты. Оқырмандарын дер кезінде тапты деп айтуға болады.

2000 жылдары Қорғаныс министрлігінің Астана қаласына көшуіне байланысты біздің газетте де біраз өзгерістер болды. Астанаға Серік Қанапиянов бастаған топ жұмыс тобымен келдік. Оның құрамында Мұхарбек, мен және бет қаттаушы Гүлжан қызымыз болдық. Үшеуміз пойызбен келіп, түнгі сағат 11-лерде түсіп, «Жасұлан» мектебінің жатақханасына орналастық. Өлі есімде, біз келген кезде қыркүйектің 15-і күні қар жауды. Жеңіл-желпі киініп келген біздер не істейміз? Алматыға хабарласудың жолын іздейік. Ол кезде «сотканын» жаңа шығып жатқан кезі. Арамызда ол құрылғы редакторымыз бен Мұхарбекте ғана бар. Солар арқылы жан-жаққа хабарласып, (Ол кезде бір жақпен хабарласу үшін орталықтағы сөйлесу пунктіне барып, кезекке отырып сөйлесетінбіз) жағдайымызды жасадық. Жалпы біраз қиналды. Сондай кезеңдерді басымыздан өткіздік. 2003 жылдарға дейін осындай жағдай болды. Ал 2005 жылдан бастап жағдай түзелді. Жаңадан байланыс телефон, компьютер, принтер сияқты техникаларды

ала бастадық. Бет қаттағаннан кейін бірден баспаханаға жіберуді үйрендік. Сондай-сондай прогресстерге жеттік қой.

Біз енді әскери газет болғанмен Даниал Ахметовтың тұсында біраз өзгерістер болды. «Өзін-өзі қаржыландырсын» деп газетті әскерилерден шығарып, азаматтық газет жасады. Сол кезде біздің көптеген әскери журналистеріміз басқа жаққа кетуге мәжбүр болды. Біразымыз баспасөз қызметіне ауысты. Өзім газет таратылғаннан кейін Қорғаныс министрлігінің Білім және ғылым департаментіне қызметке орналастым. Ғылым бөлімінде екі жылдай жұмыс істедім. Шучьедегі әскери академияда оқыдым. Кейін министр Жақсыбековтың тұсында біздің баспасөз қызметі (ол кезде басқармаға қарайтын) департамент болып өзгертіліп, сонда қызмет істеуге мүмкіндік болды. Содан департаменттің баспасөз қызметін бірнеше жыл басқардым. Ол кезде осы «Сарбаз» газетімен тікелей байланыста болдым. Бас редактор Ерғазы ағамыз бен қыз-жігіттермен жақсы араластық. Бұл кісілер ұйымшылдықпен жұмыс істеді. Газетте бұл дәстүр әлі сақталған.

Осыдан үш жыл бұрын «Сарбаз» газетінің ұйымдастыруымен үлкен бір кездесу болды. Оған Алматыдан Сағымбай Қозыбаев, Владимир Рожков деген ғалымдар келді. Сол ғылыми конференцияда: «мына газеттің түп-тамырына шолу жасайық, бұл газетке 25 жыл болған жоқ, оған 87 жыл толды» деген сияқты әңгімелер айтылды.

Сол ғалымдардың пайымымен, «Сарбаз» 1929 жылы шыққан «Қызыл әскер» газетінің мұрагері деген шешімге келді. Құтты болсын айтамыз. Әскери газетте қаншама азаматтар қызмет жасады. Олардың бәрі есімізде. Барлық ардагер жігіттерге аманшылық, саулық тілейміз. Газеттерің өркендеп өсе берсін. Тек қана жақсылықтарды оқуға бізге нәсіп етсін!



12 САРБАЗ БІЛІМ ГРАНТЫНА ИЕ БОЛДЫ



Қарағандыда Әуе қорғанысы және Әуе шабуылына қарсы қорғаныс күштерінің әскери бөлімдерінен мерзімді қызмет атқарған сарбаздардың запасқа шығуына арналған салтанатты шаралар өтті. Биыл 250-ден астам сарбаз өз әскери борышын адал және абыройлы орындап, қызметін тәмамдады.

Салтанатты жағдайда, командирлер мен әріптестердің қатысуымен, алғыс хаттар мен жоғары оқу орындарында тегін білім алу сертификаттарын табыс ету рәсімі өтті. Қызметте үздік көрсеткіштері, жоғары тәртіп деңгейі және әскери міндеттерін үлгілі орындағаны үшін 12 әскери қызметкер Қорғаныс министрлігінен білім гранттарына ие болды. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскери бөлімінде бес сарбаз сертификатты бөлім командирінен алды, ал Әуе қорғаныс күштерінің бөлімінде – жеті әскери қызметкер.

- Әскери қызметке шақырылған сәттен бастап, бұл менің басты мақсатым болды. Сол себепті бүкіл жыл бойы атыс, физикалық

және мемлекеттік-құқықтық дайындық бойынша үздік нәтиже көрсетуге тырыстым. Командирлерге көмектескендері үшін алғыс айтамын және Қорғаныс министрлігіне осындай мүмкіндік бергені үшін ризамын, - деді сертификат иегері, сарбаз Ярослав Серяков.

Грант иегерлерінің арасында өз болашағын әскери салаға арнауды шешкендер де бар. Сарбаз Руслан Жорабаев бала кезінен әскери қызметкер болуды армандағанын және енді Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтына түсуге жоспарлап отырғанын айтты.

- Қызметтің әр күні менің арманымды одан әрі күшейтті. Оның үлкен жауапкершілік екенін түсіне отырып, күн сайын дайындалдым, сынақтардан сәтті өттім және енді әскери мансапта келесі қадамға көшемін, - дейді қатардағы жауынгер Руслан Жорабаев.

Қорғаныс министрлігінің осындай бастамалары жастардың білімге деген ұмтылысын қолдап қана қоймай, қызметті жоғары деңгейде атқаруға ынталандырады. Алынған гранттар кеше ғана әскери қызметтен шыққан сарбаздарға кәсіби және жеке дамуға жаңа мүмкіндіктер ашады.



ӨЗ АЙМАҒЫНА ҚЫЗМЕТКЕ 35 ЖАС САРБАЗ АТТАНДЫ

Абай облысының облыстық жиын пунктінде мерзімді қызмет өткеруге шақырылған әскерге шақырылушыларды шығарып салу салтанатты рәсімі өтті. Жас толықтыру Семей қаласында орналасқан 30217 әскери бөлімінде мерзімді қызметтен өтеді.

Іс-шара жергілікті әскери басқару органдарының өкілдері мен әскерге шақырылушылардың туыстарының қатысуымен салтанатты түрде өтті. Жас жауынгерлерге өздерінің әскери борышын лайықты орындап, Отанының игілігі үшін абыроймен қызмет атқарулары тітелді.

Қазіргі уақытта қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде әскери қызмет өткеру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылдануда. Өз аймағында қызмет өткеруге мүмкіндік беру әскерге шақырылушылардың

моральдық-психологиялық жағдайын нығайтуға және бейімделуіне ықпал етеді.

- Әскер - батылдық мектебі. Бұл Отанға адал қызмет етудің, жауапкершіліктің, тәртіп пен бірліктің үлгісі. Біз сіздерге сенеміз, - деді Абай облысы Қорғаныс істері департаменті бастығының орынбасары подполковник Қанат Шәріпханов.

Іс-шара соңында әскерге шақырылушыларға әскери борышын лайықты орындауға тілектер беріліп, естелік ретінде суретке түсті.

Абай өңірлік гарнизонының баспасөз қызметі

САРБАЗДАР ҮЙЛЕРІНЕ ОРАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлеріне қарасты «Астана» өңірлік қолбасшылығының 06708 әскери бөлімінде жеке құрамы запасқа шығарылды.

Өткен жылдың күзінде әскер қатарына шақырылған 29 сарбаз бір жыл бойы Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен атқарып, туған үйлеріне оралды. Бір жыл ішінде олар әскери дайындық, физикалық және әскери тәртіп бойынша үздік



көрсеткіштерге қол жеткізіп, өздерінің борышын адал орындады. Сарбаздарды вокзалда олардың туыстары, достары және әскери қызметшілер салтанатты түрде қарсы алды. Келген әр сарбазға алғыс білдіріліп, оларға

жаңа өмір жолында сәттілік тіледі. Бұл кездесулер мерейлі сәттерге толы болып, қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін есте қаларлық сәттерге айналды. Жас сарбаздар бір жылдық әскери қызмет барысында тек өз Отанын қорғауды ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік, тәртіп және достық сияқты құндылықтарды да меңгерді. Запасқа шыққан әрбір әскери қызметкердің болашағы жарқын, ал алған тәжірибесі өмір бойы пайдалы болатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері жас азаматтарды тәрбиелеуде және олардың кәсіби дамуына жағдай жасауда маңызды рөл атқарып келеді. Мұндай салтанатты шаралар жас сарбаздардың Отан алдындағы борышын бағалап, олардың еңбегін дәріптеуге арналған.





Суреттерді түсірген Приозерск гарнизоның баспасөз хатшысы
Думан ЖҰМАШҰЛЫ

ПОДПИСКА-2026



СТАРТОВАЛА ПОДПИСКА НА ПЕРВОЕ ПОЛУГОДИЕ
2026 ГОДА

Газета «Сарбаз»:


1 месяц: для юридических лиц - **1405,65** тенге, для физических лиц – **1149,84** тенге.
3 месяца: для юридических лиц – **4216,95** тенге, для физических лиц – **3449,52** тенге.
6 месяцев: для юридических лиц – **8433,90** тенге, для физических лиц – **6899,04** тенге.
1 год: город – для юридических лиц – **16867,80** тенге, для физических лиц – **13798,08** тенге.

По вопросам подписки обращайтесь:
Контакты:

г. Астана, ул. Домалақ Ана, 11
Тел.: +7 (7172) 57 14 11 (вн. 1018)
Моб.: +7 778 353 1642

Журнал «Айбын»:

1 месяц: для юридических лиц - **2799,68** тенге, для физических лиц – **2740,60** тенге.
3 месяца: для юридических лиц – **8399,04** тенге, для физических лиц – **8221,80** тенге.
6 месяцев: для юридических лиц – **16798,08** тенге, для физических лиц – **16443,60** тенге.
1 год: город – для юридических лиц – **33596,16** тенге, для физических лиц – **32887,20** тенге.



 **KAZPOST**

Sarbaz



ҚР Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша шығады.
Меншік иесі:
«ГИС Әскери Медиа» ЖШС

"Гис Әскери Медиа" ЖШС
директоры
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Директордың мерзімді
басылымдар бойынша
орынбасары
Қойшыбай ЕСЕНТАЕВ

Дизайнер-беттеуші
Мейрам ТОҚЖУМАНОВ

Тілшілер:
Рима ӘБЕУОВА
Нариман ДЮСЕНОВ
Марат ЖҮНІС-БЕК

«Шығыс» Өңк аймақтық тілші
Алуа ИСКАКОВА
«Астана» Өңк аймақтық тілші
Фархат КИНЖИТАЕВ

Корректорлар
Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың
2-тамызынан бастап шығады.
ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде
2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі
№6340-Г
Авторлардың пікірі редакцияның
көзқарасымен әркез сәйкес келе
бермейді. Қолжазба мен фотосурет
рецензияланбайды және
кері қайтарылмайды.
Редакция автор материалын мазмұнын
сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы.
Газет жұма күні шығады.
Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы: ҚР, 010000,
Астана қ., Есіл ауданы, Комсомол тұрғын
алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Вебсайт: www.sarbaz.kz
Тел/факс: 8 702 712 36 70
E-mail: INFO@SARBAZ.KZ
Газет «Алматы-Болашақ»
баспаханасында басылып шығады.
Алматы қаласы,
С.Мұқанов көшесі, 223-Б
Көлемі 3 б. т.
Офсеттік басылым.
Индекс 604204
Таралымы 2164 дана
Тапсырыс №28